

Музыка жетекшісінің 2023 - 2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

«Балбөбек» бөбекжай-бақша

Топ: ересек жас

Балалардың жасы: 4-5 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: ақпан айы, 2023-2024 оқу жылы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Ақпан	Музыка	<p>- қазақ халқының ұлттық бейнелеу өнеріне баулу арқылы патриотизмге тәрбиелеу, - балаларға тыңдауға, айтуға жастарына сәйкес, тәрбиелік мәні бар әндерді ұсыну. Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру, музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауды дамыту.</p> <p>Музыка тыңдау. Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау (музыкалық шығармаларды алаңдамай соғына дейін тыңдау). Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу, музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты, оаяу, жылдам), жоғары дыбыстарды ажырату (секста, септима шегінде жоғары, төмен), әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және кимылдармен сүйемелдеу, қазақтың ұлттық аспабы домбырамен орындалған әндер мен күйлерді тыңдау.</p> <p>Ән айту. Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, кимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде). Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту. Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету. Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуіңсіз ән айтуға баулу (тәрбиешіні көмегімен).</p> <p>Музыкалық-ырғақты кимылдар. Би кимылдарын, ойындағы музыкалық кимылдарды орындауға қызығушылық тудыру, марш сипатын ырғақты жүріспен беру, музыканың кимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру; музыканың ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл секіру, кимылдарды музыкамен сәйкестендіре отырып, жүрелеп отыру, музыканың екінші бөлігінде кимылдарды өзгерту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау, мазмұны бойынша тыныс әндерді сахнастауға баулу, музыканың ырғағына сәйкес әртүрлі қарқынмен секіру. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау, әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану.</p>

Сылдырмақтармен қарапайым әуендерді ойнау.

Балалар музыкалық аспаптарын тану және атау.

Билер.

Әуеннің көңілді сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату, кіріспеден кейін қимылдарды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру, би қимылдарының, билердің атауларын есте сақтау. Жеңіл, ырғақпен қозғалу, жұпшен би қимылдарын орындау, билерде ойындағы музыкалық қимылдарды қолдану.

Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шеңбер бойымен ән айтып жүру, қимылдарды өзгерту, шапшаңдық пен ептілік таныту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білу, атрибуттармен би қимылдарын орындау.

Қазақтың ұлттық би өнерімен таныстыру. «Қамажай» биін үйрету.